

## **Әлеуметтік-құқықтық сұраныстарды орындау:**

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві азаматтардың жұмыс өтілі мен жалақысы, марапаттары, іс-сапарлары және т.б. туралы Архивте бар құжаттардың негізінде әлеуметтік-құқықтық сұраныстарды орындайды.

Архивтік анықтаманы (архивтік үзінділерді, архивтік көшірмелерді) алу үшін:

1. Сұранысты толтыру. Өтініштің (сұраныстың) үлгісін біздің сайттан көшіріп алуға немесе Архивтен алуға болады. Өтініш беруші сұраныста өзінің тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), пошталық және электрондық пошта мекенжайларын, байланыс телефонын көрсетуі тиіс.

2. Сұраныстың мазмұнында өтініштің мәні көрсетіледі. Сұраныста (өтініште) оны орындау үшін қажетті ақпарат мүмкіндігінше толыққанды болуы керек. Қажетті болып табылатын еңбек кітапшаның және басқа да құжаттардың көшірмелері ұсынылу қажет.

3. Сұранысқа жеке куәлікті қоса тіркеледі. Сұранысты сенімгерлік берілген тұлғалар жолдаған жағдайда сұранысқа нотариуспен бекітілген сенімхат қоса беріледі.

4. Сұранысты қараудан бас тартуға негіз болуы мүмкін: Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік құпияларға жататын құжаттарға қолжетімділікті шектеу; Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес жеке деректерді қамтитын құжаттарға қолжетімділікті шектеу.

### **Әлеуметтік-құқықтық сұраныстарды Архив тегін орындайды.**

Қоса берілген құжаттары бар сұранысты Қазақстан Республикасы Президенті Архивіне жолдауға болады:

1. Пошталық мекенжай: 010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 15;
2. Электрондық пошта мекенжайлары: [office@archive.president.kz](mailto:office@archive.president.kz)  
[arcobotd@mail.ru](mailto:arcobotd@mail.ru);
3. Е-Ötinish ақпараттық портал арқылы.